

Диссертациялық кеңестің 2019 жылғы жұмысы туралы

Есебі

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
ұйымның атауы**

**«6D011600 – География»
Диссертациялық кеңестің шифры**

Диссертациялық кеңестің төрайымы - география ғылымдарының докторы, профессор Каймулдинова Куляш Дүйсенбаевна Абай атындағы ҚазҰПУ ректорының 15.05.2019 жылғы №04-02-02-02/42 бүйрыймен бекітілген.

Есеп келесі мәліметтерді камтиды:

1. Откізілетін саны туралы мәліметтер.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жаңындағы «6D011600 – География» диссертациялық кеңесте 27 желтоқсан 2019 жылы 1 кеңес отырысы өткізілді.

2. Диссертациялық кеңес отырыстарының жартысынан кем көткесінше мүшелерінің аты-жөні (болған жағдайда).

Диссертациялық кеңес мүшелерінің саны 12, оның ішінде Диссертациялық кеңес отырыстарының жартысынан кем көткесінше мүшелері – 1. Атасой Эмин – PhD доктор, профессор.

3. Оку орны көрсетілген докторанттардың тізімі.

1. Салбырова Макпал Токтарбеккызы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

4. Есеп беру жылы бойына диссертациялық кеңес келесі болімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

2) «Ғылым туралы» Заңын 18-бабының З-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы;

3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Салбырова Макпал Токтарбеккызы

Диссертация тақырыбы: «Географияны оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың теориялық және әдістемелік негіздері».

Мамандығы: «6D011600 – География».

Диссертация Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Көрғау тілі: қазақша

Көрғау өткін күні: 27 желтоқсан 2019 жылы.

Ғылыми кеңесшілері:

Бейсенова Алия Сарсеновна – география ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі.

Абдиманапов Бахадурхан Шарипович – география ғылымдарының докторы, профессор.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Таможня Елена Александровна - педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университетінің доценті, «Географияны оқыту әдістемесі» кафедрасының мензгерушісі (Мәскеу).

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жолдауында қолға алғынған «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі»-білім беру сапасын жақсартумен, мұғалімдердің біліктілігіне, оқулықтардың сапасына, заман талабына сай инфрақұрылым мен материалдық қорға байланысты мәселелерді шешу, сонымен қатар Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 11 бабында «Оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану», Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2018 жылғы қазан айындағы Қазақстан халқына кезекті жолдауында «Оқыту әдістемелерін жаңғырту және өнірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсene дамыту» жайында, Қазақстан-2050» стратегиясындағы ұстанымдарымен, іске асыруға арналған бағдарламалық мақалаларындағы міндеттермен тікелей байланысты. Өйткені дәстүрлі педагогикалық, әдістемелік және дидактикалық жүйелерге қарағанда оқытудың жаңа технологияларын пайдалану-ғылыми зерттеудің күндылығын арттырып тұрғандығын байқатады. Себебі қазіргі таңда әлемдегі дамыған, өркениетті елдердің дерлігі география пәнін оқытудың жаңа технологияларын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізінде іске асыруда.

Қазіргі география және педагогика ғылымдарының тоғысусы нәтижесінде география пәнін зерттеу, педагогикалық, әдістемелік және дидактикалық жүйелер мәселелерін зерттеу, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, электрондық байланыс, ақпарат алмасу мен интернет құрылымын талдау, электрондық пошта, телеконференция және Online сабактарының мәселелерін география ғылымдар тұрғысында зерттеу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды география пәні бағытындағы міндеттерін шешу, география пәнін оқытудың жаңа технологияларын талдауға байланысты ғылыми енбектерге кешенді түрде зерттеу жүргізілгені белгілі.

Осы тұрғыдан алғанда докторант Салбырова Макпал Токтарбеккызының «Географияны оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды

қолданудың теориялық және әдістемелік негіздері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы атальыш уақыт талабына әбден сай келеді және тақырыбы өзекті болып табылады. Соңғы уақытта мемлекеттік бағдарламалардың сандық технологияға, жоғары ақпараттық технологияларға, оқытудың жаңа әдістеріне, сонымен қатар электронды оқыту құралына бағыт алуды тұргысынан атальыш зерттеудің құндылығы арта түседі. Сондықтан ізденуші көтерген мәселе қазақстандағы география, педагогика ғылымдарына аса қажетті дүние.

1. Зерттеу барысында диссидентант келесідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

Бірінші ғылыми нәтижесе - география пәнін оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың әдістемелік жүйесі ұсынылғаны.

Екінші ғылыми нәтижесе - ақпараттық-коммуникациялық технологияларды география пәнін оқыту үдерісінде қолданудың құрылымдық-мазмұндық үлгісін анықтауда маңызды репрезентацияның бір екендігі көрсетілгені.

Үшінші ғылыми нәтижесе - білім алушылардың білімдерін тексеру, бағалау негізінде «Macromedia Flash», «3ds max», «Delphi» компьютерлік бағдарламаларын сұрыптау негізінде, география пәнінің электронды оқыту құралын әзірленуі.

Бірінші нәтижесінің негізделуі және шынайылық дәрежесі - ізденуші зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негізі ретінде «ақпарат» және «ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» ұғымдарына талдау жасай отырып, білім берудегі орнын айқындаған.

Екінші нәтижесінің негізделуі және шынайылық дәрежесі - ізденуші географиялық білім беруде оқытудың құрылымдық-мазмұндық үлгілерінің әзірленуі, оның бөлімдік мазмұны білім алушылардың білім сапасы деңгейін арттыруға бағытталған мүмкіндіктерін көрсеткен.

Үшінші нәтижесінің негізделуі және шынайылық дәрежесі - ізденуші мектеп географиясының жаңартылған мазмұнына сәйкес ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың әдістемелік жүйесін дайындалды. Зерттеу жұмысының нәтижелерін жалпы білім беретін мектептерде, орта және жоғары кәсіптік білім беру мекемелерінде, педагог кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінде кеңінен пайдалануға болатындығын көрсеткен.

Әрбір ғылыми нәтиженің жаңалық дәрежесі

Бірінші нәтиженің жаңалық дәрежесі – зерттеуде қойылған мақсат-міндеттер жаңа, сондай – ак, зерттеу әдіс-тәсілдері, Кембридж университетінің оқу тәсілдерін зерттеу, қашықтықтан оқыту технологиясы мен Блум таксономиясын зерттеу, ғылыми-зерттеу жұмыстардағы педагогикалық талдауда ақпараттық-коммуникациялық технологияны тиімді қолдану, критериялық бағалау, когнитивті әдістерді қолдану, алынған нәтижелердің ақиқаттылығын қамтамасыз ететін Дальтон технологиясын қолдану отандық жалпы педагогикалық, оның ішінде география пәні

саласында алғаш қолға алынып отыр. Содыктан бұл басты ғылыми нәтиже жаңа. Сонымен қатар, білім беруді цифрандыру жағдайында оқыту үдерісінде педагогикалық әдістерді алғаш рет ақпараттық-коммуникациялық технологияларда зерттеуге алынып, ғылыми тұрғыда анықталуда. Алынған нәтиже жаңа оқыту технологиясындағы әдістеме негізінде бейтілген.

Екінші нәтижесінің жаңалық дәрежесі – география пәнін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану географияны үйрету үдерісінде құрылымдық-мазмұндық үлгі негізіндегі әдістемелік жүйесі алғаш рет қарастырылып отыр.

Үшінші нәтижесінің жаңалық дәрежесі – ғылымда алғаш рет ақпараттық-коммуникациялық технологияларды география пәнін оқыту үдерісінде пайдалану мақсаты айқындалды, соның негізінде білім алушылардың білімдерін тексеріп, бағалауға мүмкіндік беретін «Macromedia Flash», «3ds max», «Delphi» компьютерлік бағдарламаларын сұрыптау негізінде, география пәнінің электронды оқыту құралын пайдалану алғаш рет қарастырылып отыр және дәлелдененуі және нәтижелерінің қорғауға ұсынылуы қағидаларының жаңалығын раставды.

Білім беруді цифрандыру жағдайында оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану мәселелеріне теориялық тұрғыда талдау жасалып, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттердің теориялық, практикалық және аксиологиялық компоненттері, деңгейлері және олардың қалыптасуының олшемдері анықталды.

Мектептегі география пәнінің жаңартылған мазмұнына сәйкес ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың әдістемелік жүйесі дайындалды. Зерттеу жұмысының нәтижелерін жалпы білім беретін мектептерде, орта және жоғары кәсіптік білім беру мекемелерінде, педагог кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінде кеңінен пайдалануға болады.

4. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).

Диссертациялық жұмыстарға рецензенттер ретінде география саласындағы және географияны оқытуудың теориясы мен әдістемесі бойынша зерттеулерде елеулі үлес қоскан отандық ғалымдар тағайындалды.

Рецензенттерді тағайындау барысында ғылыми кеңесшілер және рецензенттердің тәуелсіздік шарттары ескерілді.

Рецензенттер докторлық диссертацияларға кәсіби тұрғыдан талдау жасады. Өз пікірлерінде рецензенттер зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық негіздерін баса көрсетіп дәйекті қорытындылар жасалып, ескертулер мен ұсыныстарды тұрақты түрде беріп отырды. Диссертацияларға теріс пікірлер берілген жоқ.

Қорғалған диссертациялардың рецензенттері бойынша мәліметтер:

- 1) Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, физикалық және экономикалық география кафедрасының профессоры, п.ғ.д. Саипов Абдимажит Аманжолович.
- 2) Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Картография және геоинформатика

кафедрасының доцент м.а. PhD Какимжанов Еркін Хамитович.

6.Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:

№	Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялар	6D011600 – География
1)	корғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан);	1
2)	қараудан алғыншыл тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан);	-
3)	рецензенттің теріс пікірлері алғыншыл диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан);	-
4)	корғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ны докторанттарынан).	-

Диссертациялық көңестің төрайымы

Диссертациялық көңестің хатшысы

" 30 " 12 2019 жыл

